

**№ 136 жалпы орта білім беретін мектептің шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының 2025 жылдың 29 тамыз күнгі дене
шынықтыру пәні бірлестігінің №1 отырысының хаттамасы**

Күні: 29 тамыз 2025 жыл

Өткізілген орны: №136 жоббм спортзал мұғалімдер бөлмесі

Қатысқандар: 12

Қатыспағандар: түгел қатысты

Бірлестік жетекшісі: Танирбергенов М.Т

Хатшы: Лутфуллаев И

Күн тәртібі:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған дене шынықтыру пәні бірлестігінің жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.
2. Оқу жылының мақсаттары мен міндеттерін анықтау.
3. Дене шынықтыру сабақтарының сапасын арттыру және қауіпсіздік ережелерін сақтау шаралары.
4. Оқушылардың спорттық белсенділігін арттыру, мектепішілік және аудандық жарыстарға қатысу жоспары.
5. Әр мұғалімнің жеке жұмыс жоспарын бекіту.
6. Оқу жылы барысында әдістемелік жұмыстар мен тәжірибе алмасу іс-шараларын жоспарлау.

Тыңдалды:

Бірлестік жетекшісі Танирбергенов Мақсат жаңа оқу жылының басталуымен әріптестерді құттықтап, дене шынықтыру пәнінің оқушылардың денсаулығын нығайтудағы, тәрбие мен салауатты өмір салтын қалыптастырудағы рөлін атап өтті.

Жетекші 2025–2026 оқу жылында бірлестік жұмысы келесі бағыттар бойынша жүргізілетінін айтты:

- Дене мәдениеті мен салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында мектепішілік және аудандық спорттық іс-шараларды өткізу;
- Жаңартылған оқу бағдарламасы талаптарын тиімді іске асыру және бағалау жүйесін жетілдіру;
- Сабақ өткізу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау мен оқушылардың денсаулық жағдайын ескеру;
- Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру, тәжірибе алмасу сабақтарын ұйымдастыру;
- Спорттық секциялар мен үйірмелердің жұмысын жандандыру.

Талқыланды:

- Құлыбекова Гүлнар оқу жылы бойы спорттық айлықтар мен жарыстар жоспарлауды ұсынды.
- Ахмет Жеңіс оқушылардың спортқа қызығушылығын арттыру мақсатында мектепішілік «Үздік спортшы» байқауын өткізуді ұсынды.

- Утебаева Улбала ата-аналар арасындағы спорттық эстафеталарды ұйымдастырудың маңыздылығын айтты.
Барлық ұсыныстар бірауыздан қолдау тапты және жылдық жоспарға енгізілетін болды.

Қаулы:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған дене шынықтыру пәні бірлестігінің жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Әр мұғалім өз пәні бойынша жеке жұмыс жоспарын 10 қыркүйекке дейін бірлестік жетекшісіне тапсыруы тиіс.
3. Сабақ барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау және оқушылардың денсаулығын қорғау мәселелеріне ерекше назар аударылсын.
4. Бірлестік мүшелері арасында тәжірибе алмасу сабақтары мен семинарлар оқу жылы бойы тұрақты түрде өткізілсін.
5. Оқу жылының алғашқы спорттық іс-шарасы ретінде «Салауатты өмір салты апталығы» қыркүйек айында ұйымдастырылсын.
6. Келесі отырыс қазан айында өткізіліп, бірінші тоқсанның жұмыс барысы мен нәтижелері қарастырылсын.

Төраға: Танирбергенов М.Т. 

Хатшы: Лутфуллаев И. 